



131

**Қоғамдық-гуманитарлық бағыты**  
**«Қаржы және несие» пәні бойынша**

**окытудың қысқартылған мерзімін көздейтін жоғары білім берудің білім беру  
бағдарламаларына түсушілер үшін ұлттық бірынғай тестілеуге арналған  
тест спецификациясы**

(2023 жылдан бастап колдану үшін)

**1. Тест мақсаты:** Техникалық және кәсіптік білім беру түлектерінің жоғары оқу орындарында окуын жалғастыру үшін қажетті қабілеттерін анықтау.

**2. Тест міндеті:** Оқытудың қысқартылған мерзімін көздейтін жоғары білім берудің келесі білім беру бағдарламаларына түсу үшін арналған тест:

**B045–Аудит және салық салу**

**B046–Қаржы, экономика, банк және сақтандыру ісі**

**B055– Математика және статистика**

**3. Тест мазмұны:**

<b>№</b>	<b>Тақырып</b>	<b>№</b>	<b>Тақырыпша</b>	<b>Оқыту мақсаты</b>
01	Қоғамдық ұдайы өндірістегі қаржылардың негізі, қызметтері және рөлі.	01	Қаржылардың құндық экономикалық категория ретінде түсінігі.	1. Ақшаның мәнін, қызметі және түрлері, инфляцияның түрлерін біледі. 2. Инфляция және оның көрініс формаларын түсінеді 3. Тауар-акша қатынастарында акша қандай функцияда әрекет ететінін анықтай алады
02	Қаржы жүйесін ұйымдастыру.	02	Қаржыларға қатысты «жүйе» түсінігі.	1. Қаржы анықтамасын, құрамдас элементтері мен функцияларын, мемлекеттік қаржының мәні мен рөлін біледі 2. Қаржы жүйесін және мемлекеттік қаржының құрамдас бөліктерін сипаттай алады. 3. Қаржының қажеттілігін дәлелдей алады
03	Қаржылық саясат және қаржылық механизм.	03	Қаржыларды басқарудың жалпы түсінігі.	1. Республикалық және жергілікті үәкілдегі органдардың функциялары мен құрылымын, қаржы саясатының мазмұнын біледі. 2. Үәкілдегі органдардың қаржыны басқарудағы міндеттердің түсінеді

				3. Қаржы жүйесінің жекелеген буындарының функцияларын өзара логикалық байланыстыра алады Басқару органдарының қаржысын басқара алады.
04	Қаржылық бақылау.	04	Қаржылық бақылаудың негізі және маңызы.	1. Қаржылық бақылаудың маңыздылығын және бақылауды жүзеге асырудың негізгі принциптері біледі. 2. Қаржылық бақылаудың негізгі міндеттерін түсінеді. 3. Бақылаудың міндеттері мен функцияларын анықтай алады және экономикалық негізделген шешімдер қабылдайды
		05	Қаржылық бақылауды жүргізу әдістері: тексерулер, караулар, талдаулар, ревизиялар.	1. Қаржылық бақылаудың нысандары мен әдістері, бақылауды ұйымдастыруды біледі. 2. Қаржылық басқаруды жүргізе алады.
		06	Аудит, оның ерекшеліктері, міндеттері, ұйымдастырылуы, тиімділігі.	1. Аудиторлық бақылаулың ерекшеліктерін біледі: 2. Аудиторлық тексеру жүргізе алады және аудиторлық корытынды жасай алады.
05	Мемлекеттік қаржылардың жалпы сипаттамасы.	07	Мемлекеттің экономикалық және әлеуметтік қызметі.	1. Мемлекеттік бюджеттің мәні мен функцияларын және бюджет жүйесін құру принциптерін біледі 2. Бюджеттік бағдарлама мен бюджет құрылымын анықтай алады 3. Қаржы ресурстарын пайдаланудың тиімділігін бағалай алады және мемлекеттік қаржы саласындағы бұзушылықтарды анықтайады
		08	Бюджеттік жүйе және бюджеттік құрылым.	1. Мемлекеттік бюджеттің негізгі функцияларын, мемлекеттік бюджеттің кірістері мен шығыстарын біледі. 2. Мемлекеттік бюджеттің тапшылығы мен профицитін түсінеді. 3. Бюджет тапшылығының себептерін талдайды. Респубикалық және жергілікті бюджеттердің қазіргі жай-куйіне сипаттама береді.
06	Сақтандыру.	09	Сақтандырудың	1. Сақтандыру қатынастарының

			экономикалық негізі және маңызы.	қатысушыларын және сактандыру түрлерін біледі. 2. Сактандырудың мәні мен функциялары түсінеді. 3. Сактандыруды жүргізе алады және қажеттілігін дәлелдейді.
	10		Сактандыру объектілері. Сактандыру шарттары.	1. Сактандыру объектілері мен субъектілерін біледі. 2. Сактандырудың мәнін түсінеді. 3. Сактандыруды түрлері бойынша жіктейді.
	11		Әлеуметтік сактандырудың негізі және объективті қажеттілігі.	1. ҚР сактандыру ісін үйымдастыру мен басқаруды біледі 2. Сактандырудың әлеуметтік маңыздылығын түсінеді 3. Сактандыру қажеттілігін дәлелдей алады
07	Экономиканы мемлекеттік қаржылық реттеу.	12	Экономиканы қаржылық реттеудің жіктелуі.	1. Экономиканы мемлекеттік реттеудің әдістері мен тәсілдері. Біледі. 2. Мемлекеттік реттеудің мәнін, нарық қаржысы түсінеді. 3. Бағалы қағаздарды жіктейді.
08	Инвестициялық қызмет.	13	Инвестиция түсінігі және түрлері.	1. Инвестициялардың түрлерін біледі. 2. Инвестициялық қызметтің мәні түсінеді 3. Инвестициялық жобаның тиімділігін есептеуді жүргізеді.

#### 4. Тест мазмұнының сипаттамасы:

Тест «Каржы және несие» пәні бойынша бір дұрыс жауапты тандауға арналған 20 тест тапсырмаларынан тұрады. Тапсырмалардың мазмұны осы пән бойынша типтік бағдарламада көрсетілген тақырыптарға сәйкес келеді.

Тесттегі тест тапсырмалары базалық, орташа және жоғары деңгей бойынша күрделену ретімен орналасқан.

**5. Тесттің бір нұсқасындағы тест тапсырмаларының қыындығы:** Тест 3 қыындық деңгейінде берілген тест тапсырмаларынан тұрады: бірінші деңгейде (A) – 25%, екінші деңгейде (B) – 50%, үшінші деңгейде (C) – 25%.

**Базалық деңгейдегі** тест тапсырмалары қарапайым білім мен дағдыларын пайдалануға, түсушінің ең тәменгі дайындық деңгейіне баға беруге, белгілі бір нұсқаулардың көмегімен әрекеттерді орындауға, қарапайым дәлелдер мен ұғымдарды пайдалануға негізделген.

**Орташа деңгейдегі** тест тапсырмалары негізгі білім мен дағдыларын дұрыс пайдалануға, жаңа жағдайларда қарапайым модельдерді тануға, деректерді талдау мен салыстыруға, жүйелеуге, дәлелдерді колданып, акпаратты жалпылау мен корытынды жасау қабілеттерін бағалауға негізделген.

**Жоғары деңгейдегі** тест тапсырмалары негұрлым күрделі білім мен дағдыларын пайдалануды, тапсырмалардың күрделі модельдерін тануды, мәселелерді шешу үшін білім мен дағдыларын біріктіруді, күрделі ақпаратты немесе деректерді талдауды, пайымдауды, тұжырымдарды негіздеуге бағытталған.

**6. Тест тапсырмаларының формасы:** Бір дұрыс жауапты таңдауға арналған жабық формадағы тест тапсырмалары.

**7. Тест тапсырмаларын орындау уақыты:** Бір тапсырманы орындаудың орташа ұзақтығы 1,5 – 2 минутты құрайды.

**8. Жеке тест тапсырмаларының орындалуын бағалау:** тест тапсырмаларының жауаптарын бағалау ҚР БФМ 2017 жылғы 2 мамырдағы №204 бүйрығымен бекітілген ҰБТ Қағидаларының 19-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

**9. Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:** Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігімен бекітілген «Білім беру үйимдарында қолдануға рұқсат етілген оқулыктардың, оқу-әдістемелік кешендердің, оқу құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштердің тізбелері».

1. Қ.Қ Илиясов, С. Құлпыбаев «Қаржы», Алматы, 2009 ж
2. Ұ.М. Искаков, Д.Т. Бояев, Э.А. Рузиева «Каржы нарығы және делдалдары» Оқулық Алматы 2008
3. А. Мұқашева, А. Оразғалиева, А. Зарипова, «Қаржы бойынша практикум», Астана, 2008 ж
4. Д.З. Айгужинова «Ақша, несие, банктер» Павлодар: Кереку Оқу құралы 2014 ж
5. Р. О. Смағұлова Қаржы, ақша айналымы және несие оқу құралы Алматы : Экономика, 2008.



Фұтадау  
st

іргіз  
Несеу  
st